

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ  
УЎЗІРЛІГІ

ЎЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

# РЕФЕРАТ

## Қазақтың би-шешендері

Дайындаған:


Т.Төрткүлбаева

НӨКІС – 2011


## **Жоспар:**

1. Қазақ даласындағы ескі құқық тізімі
2. Тәуке хан «Жеті жарғы» заңы
3. Төле би
4. Қазыбек би
5. Әйтеке би






**Төле би Әлібекұлы**  
**(1663 – 1756)**  
**Ұлы жүз биі.**



**Қазыбек би Келдібекұлы  
(1667 – 1764)  
Орта жүз биі.**



**Әйтеке би Бәйбекұлы  
(1682 – 1766)  
Кіші жүз биі.**

## **Қазақтың би-шешендері**

Қазақ қоғамында еуропалық түсінікке сай қағазға түсіріліп, хатталып бекітілген бірыңғай заң болған жоқ, қоғамдық қарым-қатынас дәстүрлі заң-әдет нормалары бойынша реттеліп отырды. Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлі нормалар өзіндік құқықтық институт ролін атқарып, ұрпақтан-ұрпаққа көшті. Билер, ру басылары мен ақсақалдар қоғамдық өмірде туындаған

түрлі мәселелерге оилік аитып, әділ шешім шығару арқылы әдет нормаларының сақталуын қадағалап отырды.

Әдет дербес құқық жүйесі болып саналды, алайда оған ел өміріндегі экономикалық, саяси өзгерістер, ның ішінде мұсылман дінінің шариғат қағидалары, патшалық Ресейдің құқықтық жүйесі де елеулі әсер етті.

Қазақтардың дәстүрлі құқық жүйесіне Жәңгір ханның баласы Тәуке ханның (1680-1718) тұсында аса маңызды реформа жүргізіліп, өзгеріс енгізілді. Ол қара қылды қақ жарған әділдігімен, даналығымен аты шыққан Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би тәрізді замандастарымен бірлесіп «Жеті жарғы» деп аталатын атақты заң жүйесін жасады. Бұл әдеттегі заңдар жиынтығы болып қана қойған жоқ, көшпелі халықтың этикасы мен әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқық нормаларының басын біріктірді.

Тәуке хан ең алдымен мемлекеттік билікті нығайтуға, жеке ру басыларының жөнсіз билеп-төстеуін шектеуге, жалпы

орган саналатын, жыл сайын шақырылатын жиындардың рөлін бекітуге күш салды. Мұндай жиындарды руаралық дау-шаралар, соғыс жүргізу және бітім жасау мәселелерімен қатар, әскери күштердің дайындығы байқаудан өткізілді.

Тәуке ханның билер кеңесі тұрақты жұмыс істейтін мекеме рөлін атқарып, хандардың билігін шектеп, заң және үкім шығару қызметімен айналысты.

Тәуке хан руаралық дау-дамай, айтыс-тартысты болдырмау үшін олардың көшіп-қонатын жерлерінің межесін белгілеп, әр руға белгілі бір аймақты бөліп берген крiнеді.

Тәуке ханның заңдары арқасында руаралық кикiлжiндер, жанжалдар азайып, қазақ даласында тәртіп нығайды, заңдардың қадағалануына жол ашылды.

«Жеті жарғы» қағидаларын iске асыруда ол Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты халық арасынан шыққан дана билердің көмегіне сүйенді.

Төле би (1663-1756) -қазақ даласындағы заң ісiнiң бiлгiрi, мемлекет және қоғам қайраткерi, жоңғар шапқыншылығы кезiнде басқыншыларға қарсы күрес ұйымдастырушылардың бiрi.

Қазыбек би (1667-1764) –Орта жүздің бас биi, көрнектi дипломат және сот ісiнiң қайраткерi, «Жеті жарғы» заңын құрастыруға қатынасқандардың бiрi. Дипломатиялық талантының арқасында қазақтар мен қалмақтар арасында келiссөздер жүргiзiп, татулық орнатты, тұтқынға түскен

руластарын босатып, екі жыл жау қолында бұғауда болған қазақтың болашақ ханы Абылайдың басына бостандық әперді.

Әйтеке би(1682-1766)- Кiшi жүздің бас биi, Тәуке ханның көмекшiсi әрi серiгi, үш жүздi, қазақ рулары мен тайпаларын бiрiктiруге көп күш жұмсаған жан.

Бұл үш би-өз заманында қоғам өміріндегі сан алуан мәселелерді заңдық тұрғыда реттеп, қазақ халқының бірлігін, ынтымағын сақтауға зор еңбек сіңірген ұлы тұлғалар.

Қазақ халқының оқиғасын реалистік болмыстан, шындық өмірден алып ауызша шығарған көркем шығармалардың елеулі бір санасы - шешендік сөздер. Шешендік сөздер алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен және тарихта болған адамдардың ісін, өмірін әңгімелеу негізінде туған. Мұндай адамдардың халыққа қамқор болып, халық намысын қорғағаны, бұл жолда жасаған әр-алуан істері ел аузында әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Олардың аты, ісі ерте кезде жазу-сызу өнері болмағандықтан хатқа түспеген, тек халықтың аңыз-әңгімелерінде сақталған.

Сондықтан да әуел басында тарихи шындыққы, нақтылы деректерге негізделіп туған әңгімелер кейін халықтың ауызша айтатын әңгімелері болып кеткен. Бұл әңгімелер бертін келе әр түрлі қоғамдық жағдайларға, халық тілегіне сәйкес өзгеріп, жаңарып отырған, оған бергі заманның шындығын туған жаңа оқиғалар, көзқарастар қосылған.

Халықтың тарихында еңбекші бұқараның ортасынан шығып, адал ниет, шын көңілімен халқына қызмет еткен талай азаматтар, қол бастаған батырлар, сөз бастаған шешендер болып өткен. Соның бірі - Жиренше шешен.

Жириеншенің қай кезде өмір сүрген адам екендігін айту қиын. Оның аты, ісі тек халықтың аңыз-әңгімелерінде ғана сақталған. Сол аңыздардың айтуынша, ол еңбекші халықтан шыққан адам, оның « сауып ішерге малы жоқ, төсегі -тулақ, үйі-қара лашық болған». Ол өзінің өршіл өнері, тапқырлығы мен шешендігі арқасында, елдің ер азаматы атанған.

Жириенше жайындағы әңгімелер оның ақылын, тапқыр шешендігін, ел дауын екі ауыз сөзбен бітірген, тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін жасаған адам екендігін көрсетуге құрылады.

Асан қайғы жөнінде айтылған ел арасындағы аңыздарда оның кара қылды қақ жарған сөз зергері болғанын, халқына жайлы жерұйық іздеп жүрген жерлеріне баға бергендігі жөнінде халық арасына көп тараған шешендік сөздерін білеміз.

Ал қазақ даласының ақылгөйі, қазіргі түсінік бойынша қазылық қызмет атқарып ел арасындағы дау-дамайларды әділдікпен шешіп отырған белгілі билері Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билер сияқты би-шешендер көп болған. Олар сөз маржандарын айта алған, халықты аталы сөзге сиындырған, шешендік өнердің шыңына шыққан билер болды.

## Әдебиеттер

1. М.Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті.
2. Айтыс. Жинақ.
4. М.Әуезов. Жамбылдың айтыстағы өнері.
5. Е.Исмайылов. Ақындар.
6. С.Мұқанов. Айтыс және ақын.